

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ
ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

Ері3302 «Эпистемология»

ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

5 ECTS

6B02201 Философия

Құрастырған: философия ғылымдарының докторы Б.М. Аташ

Философия кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
2024 жылғы «29» Тамыз, №1 хаттама

Алматы, 2024

«Эпистемология» пәні бойынша оқу-
әдістемелік кешен
Құрастырған: философия ғылымдарының
докторы
Б.М. Аташ
2024-2025 оқу жылы

«Эпистемология» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Емтиханға ұсынылатын оқу тақырыптары мен мазмұны: Эпистемология негіздері, Классикалық эпистемология, Классикалық емес эпистемология, Эпистемологияның қағидалары мен мәселелері, Ежелгі дәуірдегі дүниені тану мен таным туралы бастапқы идеялар, Орта ғасырдағы теософия мен қайта өрлеу дәуіріндегі пантеизм, Жаңа заман мен немістің классикалық философиясындағы эпистемология, Марксизм гносеологиясындағы бейнелеу теориясы, Метафизика және таным теориясы туралы жалпы түсінік, Гносеология ілімі және оның негізгі мәселелері, Әлеуметтік танымның ерекшеліктері, Адамның дүниені танып білу мүмкіндігі туралы әр түрлі көзқарастар, Танымның сезімдік сатысы, Танымның ақыл-ой сатысы, Таным теориясы туралы классикалық емес көзқарастар, Сана түсінігі және эволюциядағы бейнелеу табиғаты, Сана – ми, психика, ойлау, тіл, сөйлеу, логос, жасанды ми мәселелері, Сана және бейсаналылық; сана және өзіндік сана – рефлексия, Білім және оның түрлері, Ғылым мен ғылыми таным ерекшеліктері, Көркемдік таным және оның негізгі сипаты, Қазіргі заманғы ғылым дамуының ерекшеліктері, Ғылыми танымның постулаттары, XX ғасырдағы философиялық әдістердің әмбебаптануы, Ақиқат және оның түрлері мен өлшемі, Сенім мәселесі және оның ақылмен, ақиқатпен арақатынасы, Таным кезіндегі адасу және релятивистік бағдар, О. Конттың позитивизмі, Г. Спенсердің позитивтік көзқарастары, Позитивизмнің неопозитивизмге ұласуы, Витгенштейн мен Б. Расселдің тілдік философиясы, Дж. Мур мен Айдукеевичтің философиясы, Г. Фреге мен Р. Карнаптың көзқарастары, Герменевтика ілімі мен ондағы мәтін мәселесі, Э. Гуссерльдің феноменологиясы, Неофеноменологиядағы таным мәселесі, П. Фейерабендтің анархиялық эпистемологиясы, Т. Кунның ғылыми төңкеріс пен парадигмалары, Ғылым әдістері, Прагматизмдегі білім мен ғылым: Д. Дьюй, У. Джемс т.б., Қазіргі заманғы ғылыми таным, Антисциентизм мен сциентизм мәселелері, Білім беру философиясының өзекті мәселелері, Білім беру әлеуметтануы, ҚР білім берудің өзекті мәселелері, Постмодернизм және ондағы білім беру философиясы, Білім инженериясының технологиялары, К. Поппердің эпистемологиясы т.б.

Оқу нәтижелері: Студент курс аяқталғаннан кейін мынадай мәселелерді меңгеруі тиіс: Эпистемологияның философияның негізгі категорияларына анықтама беру; Эпистемологияның тарихи дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттау; Эпистемологиялық теориялардың негізгі ережелерін атап көрсету; Эпистемологияның негізгі мәселелерін сипаттау; Эпистемологияның туралы пайымдаған ойшылдардың философиялық ойларын танып-білудің негізгі ғылыми және философиялық әдістерін анықтау; Арнайы әдебиеттерден алынған түсініктемелерге негізделген философиялық мәтіндердің мазмұнын ашып көрсету; Идеялардың философиялық емес формалардың философиялық мазмұнын ашу; Интеллектуалдылық туралы философиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалау; Мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның қағидаларындағы руханилық тұрғыдан салыстыру; Эпистемологияның мәселелерін бағалау интеллектуалдылық философиялық талдау әдістемесін қолдану; Руханилық дүниетаным мен әр түрлі көзқарастарды толықтыру және дамыту; Өмірлік идеалдарды, құндылықтарды, нормаларды түсінуге арналған философиялық және дүниетанымдық көзқарастардың нұсқаларын сыни тұрғыдан бағалау; Өмірлік жағдайларға қатысты өз моральдық көзқарасты анықтау т.б.

Емтихан кестеде белгіленген уақытта басталады. Студент емтихан тапсыру барысында: кешікпей келу, жұмысын уақытылы тапсыру, шпаргалка қарау т.б. университетте жалпы қабылданған емтихан талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Олар бұзылған жағдайда студентке «F» бағасы қойылады.

Емтихан формасы: Қорытынды емтихан оффлайн жазбаша түрде өткізіледі. Өртүрлі жағдайларға байланысты емтихан формасы өзгерген жағдайда қосымша хабарланады.

Емтиханды бағалау: Емтихан бойынша ең толық (max) балл – 100 балл. Баға қойылу мерзімі – 48 сағат.

Қорытынды емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын тақырыптар тізімі және олардың қысқаша мазмұны

№1 Тақырып. Гносеологияның негізгі мәселелері № 1 Тақырып. Эпистемология пәні. Эпистемология негіздері. Классикалық эпистемология (гносеология). Классикалық емес эпистемология. Эпистемологияның қағидалары мен мәселелері

№2 Тақырып. Танымның алғы философиялық және философиялық бағдарлары. Ежелгі дәуірдегі дүниені тану мен таным туралы бастапқы идеялар. Орта ғасырдағы теософия мен қайта өрлеу дәуіріндегі пантеизм. Жаңа заман мен немістің классикалық философиясындағы гносеология. Марксизм гносеологиясындағы бейнелеу теориясы

№3 Тақырып. Гносеология және оның негізгі мәселелері. Метафизика және таным теориясы туралы жалпы түсінік. Гносеология ілімі және оның негізгі мәселелері. Әлеуметтік танымның ерекшеліктері. Адамның дүниені танып білу мүмкіндігі туралы әр түрлі көзқарастар. Сезімдік және теориялық таным. Танымның сезімдік сатысы. Танымның ақыл-ой сатысы. Таным теориясы туралы классикалық емес көзқарастар.

№4 Тақырып. Сана және ми, психика, сөйлеу, ойлау, өзіндік сана. Сана түсінігі және эволюциядағы бейнелеу табиғаты. Сана – ми, психика, ойлау, тіл, сөйлеу, логос, жасанды ми мәселелері. Сана және бейсаналылық; сана және өзіндік сана – рефлексия.

№5 Тақырып. Ғылым мен ғылыми емес білімдер. Білім және оның түрлері. Ғылым мен ғылыми таным ерекшеліктері. Көркемдік таным және оның негізгі сипаты. Білім беру философиясы мен білім беру әлеуметтануы.

№6 Тақырып. Ғылыми таным әдіснамалары. Қазіргі заманғы ғылым дамуының ерекшеліктері. Ғылыми танымның постулаттары. XX ғасырдағы философиялық әдістердің әмбебаптануы

№7 Тақырып. Ақиқаттың өлшемдері мен адасу мәселесі. Ақиқат және оның түрлері мен өлшемі. Сенім мәселесі және оның ақылмен, ақиқатпен арақатынасы. Таным кезіндегі адасу және релятивистік бағдар.

№8 Тақырып. Позитивизмдегі эпистемология. О. Конттың позитивизмі. Г. Спенсердің позитивтік көзқарастары. Позитивизмнің неопозитивизмге ұласуы.

№9 Тақырып. Лингвистикалық философиядағы тіл мәселесінің семантикасы мен онтологиясы. Витгенштейн мен Б. Расселдің тілдік философиясы. Дж. Мур мен Айдукеевичтің философиясы. Г. Фреге мен Р. Карнаптың көзқарастары.

№10 Тақырып. Эпистемологияның герменевтикалық және феноменологиялық мәселелері. Герменевтика ілімі мен ондағы мәтін мәселесі. Э. Гуссерльдің феноменологиясы. Неофеноменологиядағы таным мәселесі.

№11. Позитивизм мен прагматизмдегі эпистемологиялық мәселелер. Позитивизмнің негізгі ұстанымдары. О. Конттың позитивизмі. Г. Спенсердің позитивизмі. Прагматизмдегі эпистемология. Д. Дьюидің, У. Джемстің, Ч. Пирстің прагматизмі мен эпистемологиясы. Структурализм.

№13. Феноменология мен неопозитивизмдегі эпистемология. Э. Гуссерльдің феноменологиясы және неофеноменология. Феноменология әдіснама ретінде.

№12 Тақырып. Постпозитивизмдегі эпистемология. П. Фейерабендтің анархиялық эпистемологиясы. Т. Кунның ғылыми төңкеріс пен парадигмалары.

№14 Тақырып. Постмодернистік мәдениет пен постмодернистік философия. Ж. Дерриданьң постструктурализмі. Бодриардың, Ж. Лаканның,

Ж. Делездің постмодернизмі және білім беру мәселесі.

15. Білім беру инженериясы. Қазіргі заманғы ғылыми таным. Әлемнің синергетикалық және кибернетикалық картинасы. К. Уилбердің интегралды әдіснамасы. Антисциентизм мен сциентизм мәселелері. Неолуддизм. Спекулятивті реализм. Альберт Фейгенбаум мен Памолей Мак Кордақтың негіздемелері.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «ЭПИСТЕМОЛОГИЯ». Форма: Оффлайн, Жазбаша Платформа: Univer

№	Критерий	Балл	ДЕСКРИПТОРЛ АР			
			«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
			90-100 %	70-89%	50-69%	25-49% 0-24%
1 сұрақ	1 критерий	Емтихан сұрақтарына толық жауап беру, қойылып отырған сұрақтар бойынша жан-жақты білім көрсету, түпнұсқаларды жан-жақты қолдану	Сұрақтарға толық жауап беру, бірақ түпнұсқаларды қолдануда аздаған кемшіліктердің болуы	Емтихан сұрақтарына жауаптардың жалпылай баяндалуы, стилистикалық және грамматикалық қателіктердің болуы	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалған, сұрақтарға жауаптар толық емес, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы	Қойылған сұрақтарға жауаптардың болмауы, пән бойынша білімін көрсете алмауы, сонымен қатар, емтихан ережелерін бұзылуы
	2 критерий	Әрбір қорытынды мен мәлімдемені ғылыми ережелерге сүйене отырып егжей-тегжейлі дәлелдеу, логикалық	Тұжырымдамалық материалды, ғылыми ережелерді пайдалануда 3-4	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы	Жауаптарда ғылыми ережелер мен тұжырымдардың болмауы	Ғылыми ережелер мен тұжырымдардың болмауы

		түрде құрастыру және мысалдармен растау	дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдарда кішігірім қателіктерге жол беру	туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз		баяндау логикасының мүлдем болмауы
2 сұрақ	1 критерий	Сұрақтардың мазмұнын толықашу, курстың практикалық мәселелерін дұрыс талдау	Сұрақтарға жауап беруде, курстың практикалық мәселелерін талдауда аздаған қателіктердің болуы	Сұрақтардың мазмұнының үстүртін ашылуы, практикалық шешімнің нәтижелерін өндеуде дәлдіктің болмауы	Қойылған сұрақтардың мазмұны мен практикалық маңызының ашылмауы	Сұрақтардың мазмұнымен курстың практикалық маңызының мүлдем талданбауы
	2 критерий	Түпнұсқаларды және философиялық категориалдық аппаратты қолдана отырып, материалды айқын да түсінікті баяндау	Түпнұсқалар мен философиялық категориалдық аппараттың жеткіліксіз қамтылуы	Жауаптарда түпнұсқаларды, философиялық категориалдық аппаратты нақты қолданбау	Түпнұсқалар, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер, философиялық категориалдық аппарат нашар пайдаланылған	Ешқандай түпнұсқаның, талдау материалдары мен құралдарының қолданылмауы
3 сұрақ	1 критерий	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын анық жеткізу, ғылыми сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау	Өзіндік пікірдің жеткілікті айқын болмауы, ғылыми тіл нормаларын сақтауда кемшіліктердің болуы	Қойылған сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасын нақты жеткізе білмеу	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарасты дәлелдей алмау, ғылыми тілді қолданбау	Сұрақтар бойынша өзіндік көзқарастың болмауы, ғылыми философиялық аппаратты мүлдем қолданбау
	2 критерий	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде аздаған кемшіліктердің болуы	Мәселені талдау дағдысын көрсете білуде кішігірім кемшіліктердің болуы	Қарастырылып отырған мәселелерді үстіртін талдау	Сұрақтарды талдау дағдысының мүлдем болмауы	Тапсырманы орындамау, емтихан ережелерін бұзу

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1+% 2+% 3+% 4+% 5+% 6 т.б.) / К, мұнда % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық »	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				

2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				
6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6 \text{ критерийлер} =$ $71,5 \text{ Қорытынды балл в}$ $\% = 72$

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «Жақсы», 72 балға бағаланатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН

- 1.Энтони Кенни.Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 408 б.
- 2.Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау.-Алматы, 2000.-180б.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М.: Политиздат, 1975. 304 с.
4. Франк С.Л. Душа человека. Опыт введения в философскую психологию. М., 1917.

Қосымша:

5. Фромм Э. Душа человека / пер. с англ. М.: АСТ; Транзиткнига, 2004. 572 с.
6. Марьясова Н. В. Духовность в контексте психологического анализа (личностный аспект): дис. ... канд. психол. наук: 19.00.01. Хабаровск, 2004. 157 с.
- 7 Духовность [Электронный ресурс]. URL : <http://ru.wikipedia.org>.
- 8 Леонтьев, Д. А. Духовность [Электронный ресурс] / Д. А. Леонтьев, А. В. Петровский. URL : <http://slovarLYandex.ru>.

Интернет ресурстар:

- Библиотека сайта philosophy.ru: <http://www.philosophy.ru/>
- Библиотека философского факультета МГУ: <http://philos.msu.ru/>
«Открытый университет Казахстана» - <https://openu.kz>.
- Библиотека сайта philosophy.ru: <http://www.philosophy.ru/>
- Библиотека философского факультета МГУ: <http://philos.msu.ru/>
«Открытый университет Казахстана» - <https://openu.kz>